

## Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі Тепсөн-Қарабұлақ ауылына көше атауын беру туралы

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 21 шешімі. Ақтөбе облысының Мұғалжар аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 1 желтоқсанда N 3-9-83 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес Еңбек ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

**Ескерту.** Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Еңбек ауылдық округі әкімінің 12.12.2016 № 30 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Еңбек ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып Тепсөн-Қарабұлақ ауылының көшесіне Тәуелсіздік атауы берілсін.

2. Көшеге елді мекендердегі барлық үйлер жатқызылсын.

3. Осы шешімі Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Еңбек ауылдық  
округтінің әкімі*

*F. Байланов*